



«Бекітемін»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым вице-министрі
Е.И.Иманғалиев
« 1 » _____ 2016 ж.

Тест спецификациясы

1. Тақырыбы: «Адам. Қоғам. Құқық» пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдеріне арналған тест.

2. Құрастырылу мақсаты: Тест педагог қызметкердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында құрастырылған.

3. Міндеті: Кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тест үш бөліктен тұрады.

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 10 тапсырма,

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 5 тапсырма,

Б3 бөлігі - бір жағдаятқа (бір дұрыс жауабы бар) 5 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 5 тапсырма.

Екінші деңгей (В) - 11 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) - 4 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Қиындық деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырманың тестідегі орны
1	Әлемдегі адам	1	Адам проблемалары. Адам өмірінің ерекшеліктері. Адам жеке тұлға ретінде. Адам және мәдениет. Адам – мәдениет жасаушысы. Адам және адамдардың өзара әрекеттестігі. Жеке тұлға және ұжым. Адам және дүние	А	1/5	Б1-1
2	Адам және оның дүниетанымы	1	Дүниетанымның тарихи үлгілері. Адамның дүниеге деген танымдық қатынасы. Ғылыми таным. Білім және білім беру. Адами қызметтегі бостандық, қажеттілік және жауапкершілік. Еркіндік және қажеттілік. Еркіндік және жауапкершілік	В	1/5	Б1-2
3	Философия негіздері	1	Философия даналық мектебі ретінде. Философия антропология. Өмірдің мәнін	А	1/5	Б1-3

			іздеудегі адам. Әлеуметтік философия. Гуманитарлық білімнің философиялық мәселелері			
4	Қоғам: оның қызмет етуінің негізгі салалары мен заңдылықтары	1	Қоғам түсінігі. Қоғамдық өмірді ұйымдастыру. Қоғамның экономикалық өмірі. Экономика және жеке меншік. Нарықтық экономика және ақша. Қоғамның әлеуметтік құрылымы	В	1/5	Б1-4
5	Қоғам және отбасы	1	Ұлттар мен ұлтаралық қатынастар. Қоғамның саяси өмірі. Мемлекет және оның қоғамдағы рөлі. Азаматтық қоғам. Қоғамның рухани өмірі. Білім мен ғылымның қоғамдағы рөлі. Діннің қоғамдағы рөлі	В	Б/Б	Б2-1
6	Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі адам	1	Қазіргі қоғам. Қазіргі өркениеттің ерекшеліктері. Әлеуметтік қатынастар. Отбасы әлеуметтік топ ретінде	А	1/5	Б1-5
7	Адамның көпұлтты қоғамдағы қарым-қатынасы	1	Нарықтық субъектінің экономикалық тәртібі. Өндірушінің экономикалық мәдениеті. Нарықтық құрылымның үлгілері	В	Б/Б	Б2-2
8	Саяси жүйе	1	Азаматтың саяси өмірге қатысуы. Рухани мәдениет. Тұлғаның адамдық негіздері Діни төзімділік	В	1/5	Б1-6
9	Әлеуметтану негіздері	1	Әлеуметтану ғылым ретінде. Әлеуметтанулық білім. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Әлеуметтік стратификация және ұтқырлық. Тұлға және қоғам. Қазіргі әлемдегі этникалық көптүрлілік. Қазіргі діни жағдай	В	1/5	Б1-7
10	Саясаттану негіздері	1	Саясаттану дегеніміз не? Саясаттанулық білім. Саясат және мәдениет. Саяси мәдениет. Жеке тұлға және саясат	В	1/5	Б1-8

11	Экономикалық теорияға кіріспе	1	Капитал нарығы және табиғат ресурстары. Кәсіпкерлік қызмет негіздері. Ұлттық экономика және оның динамикасы. Экономикалық өсім ерекшеліктері	С	Б/Б	Б2-3
12	Адамның өміріндегі құқық	1	Құқық және негізгі құқық негіздері түсінігі. Құқықтық қатынастар. Құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік. Конституция - Қазақстан Республикасының негізгі заңы. Мемлекеттік биліктің конституциялық органдары	В	1/5	Б1-9
13	Қазақстандық құқықтың базалық саласының негізгі түсініктері	1	Әкімшілік құқығының негізгі түсінігі. Еңбек құқығының негізгі түсініктері. Қылмыстық құқықтың негізгі түсініктері	В	1/5	Б1-10
14	Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу	1	Адам мен азаматтың құқығы және міндеттері. Адам құқықтары және оны қорғау. Жеке құқықтың негізгі салалары. Еңбек құқығының негіздері. Отбасылық құқық негіздері. Экологиялық құқық негіздері. Көпшілік құқықтың негізгі салалары. Қылмыстық құқықтың негіздері. Іс-жүргізу құқығы негіздері	С	Б/Б	Б2-4
15	Заңға кіріспе	1	Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары. Құқық қорғау органдары. Азаматтардың құқықтық мәдениеті, құқықтық тәртіп және заңды жауапкершілік. Құқықтық тәртіп, құқықбұзушылық, заңды жауапкершілік	С	Б/Б	Б2-5
16	Жағдаяттық тапсырмалар. Өртүрлі түрдегі (тест, таблица, график, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б) ұсынылған ақпарат негізіндегі жағдаяттар (оқиға, мәселе, шынайы өмірде болған оқиға)			А, А, В, В, С	1/5	Б3-1-5

5. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:

Адамның өміріндегі құқық: Құқық және негізгі құқық негіздері түсінігі, құқықтық қатынастар, құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік, Конституция - Қазақстан Республикасының негізгі заңы, мемлекеттік биліктің конституциялық органдары, Қазақстандық құқықтың базалық саласының негізгі түсініктері, әкімшілік құқығының негізгі түсінігі, еңбек құқығының негізгі түсініктері, қылмыстық құқықтың негізгі түсініктері.

Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу: адам мен азаматтың құқығы және міндеттері; адам құқықтары және оны қорғау; жеке құқықтың негізгі салалары; еңбек құқығының негіздері; отбасылық құқық негіздері; экологиялық құқық негіздері; көпшілік құқықтың негізгі салалары; қылмыстық құқықтың негіздері; іс-жүргізу құқығы негіздері.

Заңға кіріспе: Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет; Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары; құқық қорғау органдары; азаматтардың құқықтық мәдениеті, құқықтық тәртіп және заңды жауапкершілік; құқықтық тәртіп, құқықбұзушылық, заңды жауапкершілік.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут. Тестінің толық орындалу уақыты – 40 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 20 сұрақ.

8. Бағалау.

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептеледі.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,

- екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

ҰТО директоры



Қ. Әбдиев